

БЕКІТЕМІН

Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
Басқарма Төрағасы-Ректоры

проф. Н.О. Дулатбеков
2022 ж.



Формалды, формалды емес және информалды білім беру шеңберінде оқу нәтижелерін қайта санау регламенті

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы регламент формалды, формалды емес және информалды білім беру шеңберінде оқу нәтижелерін қайта санау тәртібін айқындайды.

1.2 Осы регламенттің нормалары ҚР «Білім туралы» Заңының (27.07.2007ж.), «Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасы» (08.08.2021ж.), «Формалды емес білім беретін ұйымдарды тану және формальды емес білім беретін, танылған ұйымдардың тізбесін қалыптастыру қағидалары» (04.10.2018ж.) талаптарына сәйкес келеді.

1.3 Оқу нәтижелерін тану – білім алу тәжірибесенің нәтижелерін, құзыреттер мен білім жиынтығын формальдау процесі;

1.4 Формалды білім беру – бұл Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес білім беру қызметтерін көрсетуге және белгіленген үлгідегі диплом беруге құқығы бар оқу орнында алынған білім түрі.

1.5 Формалды емес білім беру – қарқынды оқыту бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін көрсетуге және оқу нәтижелерін растайтын сертификаттар/куәліктер беруге құқығы бар ұйымдарда алынған білім түрі. Білім берудің бұл түріне біліктілікті арттыру, кәсіби қайта даярлау бағдарламалары, оның ішінде онлайн форматтағылары да жатады.

1.6 Информалды білім беру – бұл нәтижелері бар құжатты алмастан субъектінің дербес оқу түрі, сондай-ақ еңбек саласында белгілі бір дағдыларды алуға ықпал ететін субъектінің қызметі.

1.7 Икемді білім беру бағыты – бұл формалды, формалды емес және информалды білім берудің оқу нәтижелерін қайта санау шеңберінде қалыптасқан жеке білім беру траекториясы.

2. Оқу нәтижелерін қарау тәртібі

2.1 Формалды, формалды емес және информалды білім беру шеңберінде алынған оқу нәтижелерін қайта санау үшін деканның өкімімен қызмет көрсететін кафедралардың оқытушылары қатарынан тиісті комиссия

құрылады. Өкімде комиссияның құрамы және оның жұмыс мерзімі көрсетіледі. Комиссия құрамына міндетті түрде бітіртіп шығарушы кафедраның және Тіркеуші кеңсенің меңгерушісі кіреді.

2.2 Оқу нәтижелерін қайта санауды білім алушының деканның атына жазған өтініші және келесі құжаттар негізінде Комиссия жүзеге асырады:

- 1) жеке куәліктің көшірмесі;
- 2) білім беру нәтижелерін растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) шарт/меморандум, транскрипт немесе оның баламасы (академиялық ұтқырлық бағдарламаларының қатысушылары үшін);
- 4) келісілген оқу жоспарларының/оқу пәндерінің өзара санау/сәйкестік кестелері және транскрипт немесе оның баламасы (бірлескен білім беру бағдарламаларының қатысушылары үшін).

Құжаттарды шет тілдерінде ұсынған кезде өтініш беруші оларға нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасын қоса ұсынады.

2.3 Комиссия өтініш берушіден оқу бағдарламасы туралы қосымша мәліметтер сұратуға құқылы.

2.4 Формалды білім беру нәтижелерін тану үшін ұсынылған құжаттарды қарау мерзімі өтініш қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күнін, формалды емес және информалды білім беру - 10 жұмыс күнін құрайды.

2.5 Алынған құзыреттер деңгейін анықтау мақсатында формалды емес және информалды білім берудің оқу нәтижелерін бағалаудың келесі нысандарын пайдалану ұсынылады:

- әңгімелесу;
- тестілеу;
- кейс, тапсырмаларды орындау;
- жоба бойынша жұмыс немесе өнім жасау;
- портфолионы орындау.

2.6 Комиссия оқу нәтижелерін тану немесе танымау туралы қорытынды жасайды.

2.7 Оқыту нәтижелері танылған жағдайда комиссия білім беру бағдарламасы пәндерінің қайсысы оқытылған деп есептелетінін және ECTS кредиттерінің қандай көлемде болатынын айқындайды. Комиссия белгілеген кредиттер көлемі білім алушының еңбек шығынына сәйкес келуі тиіс.

2.8 Қайта есептелген кредиттердің көлемі білім беру бағдарламасы бойынша оқыту ұзақтығына әсер етуі мүмкін. Академиялық кезең үшін белгіленген нормалардан асатын кредиттер көлемі болған кезде оқу ұзақтығы қысқартылуы мүмкін.

2.9 Формалды білім беру нәтижелеріне қатысты комиссия білім алушының құжатында көрсетілген бағаны есептейді. Сынақ болған

жағдайда комиссия оқу нәтижелерін транскрипттің немесе оның баламасының орташа балын ескере отырып, балдық шкала бойынша ECTS бағасына аударады (1-қосымша).

2.10 Комиссия хаттамаға мынадай ақпаратты енгізеді:

- оқу нәтижелерін тану немесе танымау туралы қорытынды;
- пәннің атауы, ECTS-тегі кредиттердің көлемі және бағалау (танылған жағдайда);

- оқу мерзімін қысқарту туралы шешім (бар болса);

- комиссия мүшелерінің ашық дауыс беру нәтижелері.

2.11. Комиссияның шешімі негізінде тіркеуші кеңсе кредиттер мен бағаларды көрсете отырып пәннің оқу жетістіктерін есепке алудың электрондық базасына енгізеді.

2.12 Оқу нәтижелері танылған жағдайда білім алушы комиссия хаттамасында көрсетілген пәнді оқудан босатылады.

2.13 Комиссия хаттамасының негізінде деканат тіркеуші кеңсемен бірлесіп икемді білім беру бағытын қалыптастырады, ол білім алушының жеке оқу жоспары арқылы іске асырылады.

2.14 Деканат комиссия шешімін комиссия отырысы өткен сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде білім алушының назарына жеткізеді.

3. Формалды білім беру нәтижелерін тану

3.1 Формалды білім беру нәтижелеріне мыналар жатады:

- Колледждердің, жоғары оқу орындарының түлектерін қысқартылған оқу бағдарламаларына қабылдау кезінде, магистратура және докторантура бағдарламаларына қабылдау кезінде формалды білім берудің алдыңғы деңгейінің нәтижелері;

- Білім алушыларды бір жоғары оқу орнынан екіншісіне ауыстыру, білім алушыларды қайта қабылдау, академиялық демалыстардан қайтару кезінде формалды оқытудың ағымдағы деңгейінің нәтижелері;

- Білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларына, оның ішінде қашықтықтан оқыту форматында, бірлескен білім беру бағдарламаларына қатысуы кезінде басқа жоғары оқу орындарындағы формалды оқу нәтижелері.

3.2 Формалды білім берудің растау құжаттары қосымшалары бар дипломдар, формалды білім беру ұйымының мөрі бар транскрипт, білім беру ұйымымен ынтымақтастық туралы шарт/меморандум болып табылады.

3.3 Оқудың танылған нәтижелері білім алушы қабылданатын білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келеді. Әдетте, сәйкестікті талдау дипломда көрсетілген пәндерді білім беру бағдарламасының күтілетін нәтижелерімен байланыстыру принципіне негізделген.

3.4 Магистратура бағдарламаларына түскен білім алушыларға магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда алдыңғы деңгейдегі оқу нәтижелері автоматты түрде танылады; магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білімнің білім беру бағдарламасымен

сәйкес келмеген жағдайда магистрантқа игеру үшін пререквизиттер белгіленеді.

3.5 Докторантура бағдарламаларына түскен білім алушыларға докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда алдыңғы білім деңгейінің оқу нәтижелері автоматты түрде танылады; докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда докторантқа игеру үшін пререквизиттер белгіленеді.

3.6 Магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша пререквизиттер тізбесі факультет декандарының ұсыныстары негізінде қабылдау компаниясы басталғанға дейін Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.7 Ауыстыру және қайта қабылдау кезінде білім алушының қол жеткізген оқу нәтижелері, оң бағалары академиялық кредиттерді бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына ауыстыру арқылы танылады.

3.8 Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына (оның ішінде қашықтықтан оқыту форматында), бірлескен білім беру бағдарламаларына қатысқан кезде толық көлемде меңгерілген оқу нәтижелері міндетті түрде келесі негізде қайта есептеледі:

- академиялық ұтқырлық бағдарламаларының қатысушылары үшін шарттар/меморандумдар, транскрипт немесе оның баламасы;
- бірлескен білім беру бағдарламаларының қатысушылары үшін өзара есеп кестелері/келісілген оқу жоспарларының/оқу пәндерінің және транскриптердің немесе олардың баламаларының сәйкестігі негізінде.

4. Формалды емес білім беру нәтижелерін тану

4.1 Формалды емес білім беру нәтижелеріне мыналар жатады:

- біліктілікті арттыру бағдарламаларының нәтижелері;
- онлайн-курстардан өту нәтижелері, оның ішінде ЖАОК;
- ғылыми және кәсіби тағылымдамалардың нәтижелері;
- 2-қосымшада көрсетілген ұлттық және халықаралық сертификаттармен расталған тілдік курстардан өту нәтижелері;
- қонақ дәріскерлер курстарындағы сертификаттармен расталған оқу нәтижелері.

4.2 Білім алушының аты-жөні, оқу бағдарламасының атауы, формалды емес білім беру ұйымының атауы, жауапты тұлғаның қолы, мөрі, тіркеу нөмірі бар сертификаттар, куәліктер формалды емес білім берудің растау құжаттары болып табылады.

Қызмет түрі мен сағат көлемі көрсетілген анықтама волонтерлік қызмет арқылы алынған білімді, дағдылар мен құзыреттерді растай алады.

4.3 Құжаттарды талдау процесінде формалды емес білім бейінінің білім беру бағдарламасының бейініне сәйкестік дәрежесі бағаланады. Сәйкес келген жағдайда формалды емес білім берудің білім беру бағдарламасын оқытудан күтілетін нәтижелерге әлеуетті бағыты айқындалады.

4.4 Растайтын құжатта балл/әріптік баламасы және т.б. түрдегі сараланған баға болмаған жағдайда, комиссия алынған құзыреттердің деңгейін бағалауы тиіс. Бағалау нысанын комиссия білім беру бағдарламасы бейінінің ерекшелігін және осы регламенттің 2.5-тармағының ұсынымдарын ескере отырып дербес айқындайды.

5. Информалды білім беру нәтижелерін тану

5.1 Информалды білім беру нәтижелеріне еңбек функцияларын орындау барысында алынған дағдылар жатады.

5.2 Білім алушының жұмыс/тағылымдама орнынан алған анықтамасы және оның дағдыларының сипаттамасы растайтын құжаттар болып табылады.

5.3 Тану механизмі білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін білім алушының жұмыс тәжірибесін растау процесімен байланысты. Сәйкестікті бағалау мәлімделген дағдыларды өлшеуге мүмкіндік беретін арнайы сынақтар форматында жүзеге асырылады. Бағалау нысанын комиссия білім беру бағдарламасы бейінінің ерекшелігін және осы регламенттің 2.5-тармағының ұсынымдарын ескере отырып дербес айқындайды.

6. Осы регламентті өзгерту Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Өзгертілген регламентті университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры бекітеді.

1-қосымша

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау шәкілі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық баламасы	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-		3,67	90-94	
B+	B	3,33	85-89	Жақсы
B	C	3,0	80-84	
B-		2,67	75-79	
C+		2,33	70-74	
C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-		1,67	60-64	
D+		1,33	55-59	
D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	F, FX	0	0-49	

Тілдерді меңгергенін растайтын ұлттық және халықаралық сертификаттар тізбесі

Қазақ тілі:

КАЗТЕСТ жүйесінің сертификаты.

Ағылшын тілі:

IELTS (АЙЛТС)/International English Language Tests System
(Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем);

IELTS INDICATOR (АЙТЛС Индикатор);

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест
ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL
ITP (ТОЙФЛ АйТиПи);

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест
ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-
based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АйБИиТи);

TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед
тэстинг) Test of English as a Foreign Language Paper-based testing;

Duolingo English Test (Дуолинго Инглиш Тест).

Неміс тілі:

Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрю фун
фюр дейн хохшулцуган) (DSH);

TestDaF-Pruefung (тестдаф-прюфун).

Француз тілі:

Test de Franzais International™ - Тест де франсэ Интернасиональ (TFI
(ТФИ);

Diplome d'Etudes en Langue franzaise - Диплом дэтюд ан Ланг франсэз
(DELF (ДЭЛФ)),

Diplome Approfondi de Langue franzaise - Диплом Аппрофонди де Ланг
Франсэз (DALF (ДАЛФ)),

Test de connaissance du franzaais - Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF
(ТСФ)).